

## МЕМЛЕКЕТТІК СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС БАҚЫЛАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 6  
мамыр 1994 ж. N 485. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002.01.26. N 126 қаулысымен. ~P020126

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылысы туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңын орындау үшін Қазақстан  
Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Осыған қосылған Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге  
асырудың Тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 6 мамырдағы  
N 485 қаулысымен  
Бекітілген

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың  
Тәртібі

### I. Жалпы ережелер

1. Орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстары сапасының және қолданылатын құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының жобаларға және құрылыс саласындағы нормативтік актілердің талаптарына сәйкес болуы жөніндегі құрылыс өнімдерін тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік қорғауы және тексерулердің қорытындылары негізінде ашылған кемшіліктерді кейіннен талдап

отыру үйлер (ғимараттар) құрылысының сапасына бақылау жасаудың негізгі міндеті болып табылады.

2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының жүйесі Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясын (бұдан әрі - Мемсәулетқұрылыс инспекциясы) оның облыстар орталықтарындағы, Ақмола, Алматы қалаларындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорындармен қоса, қалалық және аудандық әкімшіліктердің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдарын (мемсәулетқұрылыс бақылауының жергілікті органдарын) қамтиды.

Мемсәулетқұрылыс инспекция, оның облыстар орталықтарындағы, Ақмола, Алматы қалаларындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорыны өз қызметін құрылыстар сметасына енгізілген қаражат есебінен жүзеге асырады. Құрылыстар сметасына енгізу тәртібін, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына және қаржыландыру көздеріне қарамастан құрылыстың, үй-жайлар мен ғимараттарды қайта жаңарту және күрделі жөндеудің сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға арналған қаражатты бекіту, сондай-ақ осы қаражаттарды аудару тәртібі мен оларды пайдалану Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетіне жүктеледі.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді және жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

Р 9 6 0 5 7 0 \_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен. Р 9 8 0 3 5 3 \_

3. Мемсәулетқұрылыс инспекция, оның еншілес кәсіпорындары мен мемсәулетқұрылыс бақылауының жергілікті органдары республикадағы объектілер құрылысының сапасын бақылауды тапсырысшылармен шарттасу негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау жүйесінің қызметі тапсырысшыларды, мердігерлерді, жобалауды жасаушыларды құрылыс сапасына авторлық қадағалау жауапкершілігінен босатпайтын болып белгіленсін.

Ескерту. 3 және 4-тармақтар жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

5. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу құқығына Мемсәулетқұрылыс бақылауының жергілікті органдары, ал ауданда немесе қалада ондай органдар болмаған жағдайда Мемсәулетқұрылыс инспекциясының еншілес кәсіпорындары рұқсат береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

6. Мемлекеттік Мемсәулетқұрылыс инспекцияның, оның еншілес

кәсіпорындарының және мемсәулетқұрылысбақылауының жергілікті органдарының негізгі функциялары:

үйлерді (ғимараттарды) тұрғызудың немесе жұмыстың жекелеген түрлерін орындаудың сапасын;

азаматтардың тұруына арналған объектілерді іске қосу жөніндегі есеп-деректердің дұрыстығын;

құрылыс-монтаж ұйымдарының өз бақылау қызметтері, тапсырыс берушілердің техникалық қадағалауы мен жобаларды жасаушылар авторлық қадағалауы жұмысының тиімділігін тексеру болып табылады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

## II. Құрылыс сапасына бақылау жасаудың тәртібі

7. Мемсәулетқұрылысінспекция, оның еншілес кәсіпорыны құрылыс-монтаж ұйымдары, тапсырыс берушілердің техникалық қадағалауы және жобаларды жасаушылар авторлық қадағалауы өкілдерінің қатысуымен құрылыс сапасына тексеру жүргізеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

8. Жергілікті әкім және тексерілетін құрылыс-монтаж ұйымы тексеру жүргізу мерзімдері туралы дер кезінде хабардар етіледі.

9. Тексерілетін объектілердің тізбесімен кезектілігін тексеруді басқаруға жауапты адам анықтайды және жергілікті жерде дәлелденеді.

10. Құрылыс сапасына тексеру жүргізу кезінде құрылыс ұйымынан Мемсәулетқұрылысінспекция белгілеген көлемде қажетті анықтамалық материалдар сұратылып алынады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

### 11. Тексеру барысында:

жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптаудың бекітілген оң қорытындылы жобасының (немесе сараптау жұмысын орындауға мемлекеттік лицензиясы бар басқа заңды және жеке тұлғалардың), сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге құқылы болуға тиісті рұқсатының болуы;

құрылыс ұйымдарының инженер-техник қызметкерлері мен тапсырыс берушілердің техникалық қадағалау өкілдерінде "Құрылыстағы геодезия" курсы, ал республиканың сейсмикалық жағынан қауіпті аудандарында - "Сейсмикаға қарсы құрылыс" курсы бойынша да қолданылып жүрген куәліктердің болуы;

сәулет-қала құрылысы қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензияның болуы;

орындалған құрылыс-монтаж жұмыстары мен қолданылатын құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкциялары сапасының жобалар мен құрылыс саласындағы нормативтік актілердің талаптарына сай болуы, сондай-ақ салмақ түсетін және қоршау конструкцияларының беріктігін, орнықтылығын, сенімділігін және үйлердің (ғимараттардың) пайдаланылу сапасын қамтамасыз ету жөнінде қолданылған шаралар;

құрылыстарда құрылыс-монтаж жұмыстарын атқару жобаларының болуы және өздері орнатқан осы жұмыстар технологиясын сақтауы;

құрылыс сапасына өндірістік бақылау жасаудың барлық түрлері мен нысандарын (бастапқы, операциялық, қабылдау, зертханалық, геодезиялық, т. б.) ұйымдастырып, жүзеге асыру;

орындаушылық техникалық құжаттамалардың (жұмыс журналдарының, көрінбейтін жұмыстарды және күрделі конструкцияларды, геодезиялық схемаларды аралық қабылдауды куәлендіру актілерінің, т. б.) дер кезінде әрі дұрыс ресімделуі анықталады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен.

12. Мемсәулетқұрылысынспекция, оның еншілес кәсіпорны және мемсәулетқұрылысбақылауының жергілікті органдары белгіленген тәртіппен:

а) құрылыс ұйымдарына, тапсырысшыларға, банктердің қаржыландырушы мекемелеріне, мемлекеттік лицензиялау қызметіне, статистика органдарына және сәулет-қала құрылысы қызметінің басқа субъектілеріне нұсқама (хабарлама) беріледі;

бұрынырақ берілген нұсқамаларды орындаудан жалтарғаны немесе дер кезінде орындамағаны, бекітілмеген жобамен және жобалардың ведомстводан тыс сараптау органдарының (немесе сараптау жұмысын орындауға мемлекеттік лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалардың) оң қорытындысынсыз, белгіленген тәртіппен құрылыс-монтаж жұмысын атқару құқығына рұқсат алмай-ақ объектіні салғаны үшін, сондай-ақ өз бетімен құрылыс салғаны үшін құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді тоқтату туралы;

жобалардан және құрылыс саласындағы нормативтік актілер талаптарынан өрескел ауытқу арқылы құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу жағдайында, егер ауытқушылық салынып жатқан объектілердің:

- беріктігі мен орнықтылығынан айыруға;
- беріктігінің, орнықтылығының, сенімділігінің кемуіне;
- пайдалану сапасын нашарлатуға әкеп соқтырса, берілген мемлекеттік лицензияның қолданылуын уақытша тоқтату немесе қайтарып алу туралы;

мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттар талаптарын бұзу арқылы жасалған, сондай-ақ дұрыстап монтаждамау, сақтамау немесе тасымалдамау салдарынан өзінің сапалық қасиетінен айырылып қалған материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды салынып жатқан объектілерде қолдануға тиым салу туралы;

белгіленген қабылдау ережелерін бұзу арқылы қабылданған тұрғын үй-азаматтық объектілерді іске қосылған туралы есепті деректерден шығарып тастау туралы;

тексеруде анықталған ақаулар мен кемістіктерді жою туралы ұйғарымнамалар (хабарламалар) береді;

объектілер мен кешендер құрылысын қаржыландыруды тоқтату туралы; салынып жатқан объектілерге мемлекеттік стандарттарды бұза отырып жасалған материалдарды, бұйымдар мен конструкцияларды беріп тұру туралы;

б) құрылыстағы заң және нормативтік актілер талаптарын өрескел бұзған лауазымды тұлғаларға қатысты материалдар шара қолдану үшін құқық органдарына беріледі;

в) құрылыс ұйымдарын тексеру қорытындылары бойынша берілген ұйғарымнамалар мен ұсыныстардың орындалуына бақылау жасайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07.

№ 570 қаулысымен.

13. Мемсәулетқұрылысынспекциясы және оның еншілес кәсіпорындары, қажетті жағдайларда, құрылыс-монтаж ұйымдары жетекшілерінен салынып жатқан үйлердің (ғимараттардың) жекелеген конструкциялық элементтерін ашуды, сондай-ақ қолданылып жатқан құрылыс материалдарына, бұйымдары мен конструкцияларына қосымша сынаулар немесе зерттеулер жүргізуді талап етуге құқылы. Салынып жатқан үйлердің (ғимараттардың) жекелеген конструкциялық элементтерін ашудан келтірілген нұқсан, жобадан және құрылыс саласындағы нормативтік актілер талаптарынан ауытқушылық кездеспеген жағдайда қолданылып жүрген азаматтық-құқықтық нормаларға сәйкес өтеледі.

14. Мемсәулетқұрылысынспекциясы және оның еншілес кәсіпорындары жүргізілген құрылыс сапасын тексеру қорытындылары бойынша;

Мемсәулетқұрылысынспекция белгілеген нысан бойынша анықталған ақаулар жазылған объектілер анықтамасы мен ведомосын әзірлейді және оларды тексерілуші құрылыс ұйымдарына береді;

қажетті жағдайда жергілікті әкімдерге негізгі тұжырымдары мен құрылыс сапасын тексеру қорытындыларын баяндайды.

15. Мемсәулетқұрылысынспекциясы және оның еншілес кәсіпорындары құрылыс сапасын тексеруді өткізудің, оның нәтижелерін қорытып, талдаудың

е с е б і н

ж ү р г і з е д і .

16. Мемсәулетқұрылысынспекция және оның еншілес кәсіпорындары мамандарының ұйғарымнамасы жөнінде - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитетіне, ал Мемсәулетбақылаудың жергілікті органдары мамандарының ұйғарымнамасы жөнінде - тиісті жергілікті атқарушы органдарға шағым берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Тұрғын үй және құрылыс саясаты жөніндегі комитеті немесе тиісті жергілікті атқарушы органдар тарапынан қабылдаған шешімдермен келіспеген жағдайда шағым жасаушының сот органдарына жүгіну құқығы сақталады.

Ескерту. 13,14,15 және 16-тармақтарына өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 570 қаулысымен. P960570\_ ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.20. N 353 қаулысымен. P980353\_